



Qazaqstan Respýblıkasy Zańnama jáne quqyqtyq aqparat institýtynyń

JARSHYSY

gylymi-quqyqtyq jýrnal №3 (70)-2022

Құрылтайшы және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама және құқықтық
ақпарат институты» ШЖҚ РМК
2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
www.zqai.kz

сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың
негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға
арналған басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒССҚК 14.02.2022 ж.
№38 бұйрығы)

Редакциялық кеңес құрамы

Сәрпеков Р.Қ. - з.ғ.к., Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері (Астана, Қазақстан) –
(төраға)
Абайділинов Е.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Абызов Р.М. – з.ғ.д. (Барнаул, Ресей)
Белых В.С. – з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)
Губин Е.П. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Мельник Р.С. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Моисеев А.А. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Муромцев Г.И. – з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)
Рахметов С.М. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Малиновский В.А. – з.ғ.д. (Астана,
Қазақстан)
Унзила Шапақ – з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)

Бас редактор

Дүйсенов Е.А. – з.ғ.к.

Редакциялық алқа құрамы

Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – з.ғ.к. (Саратов, Ресей)
Жанғарашев Р.М. – LL.M. (Астана,
Қазақстан)
Исмағұлов К.Е. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Ишеев К.А. – з.ғ.д., доцент (Мәскеу, Ресей)
Қазбаева Ә.Г. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Қайырбаева Л.К. – PhD (Астана, Қазақстан)
Князова А.Ж. – LL.M. (Астана, Қазақстан)
Құлжабаева Ж.О. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Нұрғазин Б.Қ. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)
Нұрмағамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск, Ресей)
Примашев Н.М. – з.ғ.к. (Астана,
Қазақстан)
Рахымбердин К.Х. – з.ғ.д. (Өскемен,
Қазақстан)
Тегізбекова Ж.Ч. – з.ғ.к. (Бишкек,
Қырғызстан)
Финк Д.А. – з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)

Редактор – Қолтубаева Г.Б.
Беттеуші – Тасирова А.С.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Қазақстан Республикасы Ақпарат
және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 17761-Ж 25.06.2019 ж.
(Алғашқы есепке қою кезі
№6592-Ж. 07.09.2005 ж.)

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
101000, Астана қ., Қабанбай-батыр даңғ.,
19, С-блогы, 306-каб., тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Редакция бағанасы..... 7

Конституциялық және әкімшілік құқық

Р.Қ. СӘРПЕКОВ Ғылыми лингвистикалық
сараптама жүргізу заң шығару процесінің
маңызды кезеңі есебінде 13

Б.К. НУРГАЗИНОВ, А.Н. ОСПАНОВА

Қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетін
арттыру бойынша ұсыныстар 20

А.А. АМАНГЕЛДІ Қазақстан Республикасында
Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің кейбір
аспектілерін қолдануды құқықтық талдау 27

С.С. ҚАРЖАУБАЕВ Қазақстандағы Адам
құқықтары жөніндегі уәкіл институтын
жетілдіру туралы 39

З.З. НҰРЫШ, Е.И. ИСИБАЕВА Құқық
шығармашылық механизміндегі лоббизмнің
саяси бағдары 47

Азаматтық және азаматтық-процестік құқық

А.Ж. КИЯЗОВА Қазақстан Республикасында
өзін-өзі реттеу институтының жұмыс істеуін
нормативтік қамтамасыз ету 58

Д.Б. РАЗИЕВА, Н.Е. ЕСЕНЖОЛОВ Еңбек
құқығындағы тәртіптік жазаларды іске асыру
тиімділігінің теориялық-құқықтық аспектілері 69

Ш.У. БУРАШОВ, И.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА,
М.Т. БЕЙСЕНБАЕВА Жоғары кәсіптік білім беру
саласындағы білім беру қызметтерін тұтынушылардың
құқықтарына азаматтық-құқықтық реттеу 80

Ф.Г. ИБРАГИМОВА, Д.Б. АЛШЫМБЕК
Қазақстан Республикасының заңнамасында
белгіленген ерлі-зайыптылардың және бұрынғы
ерлі-зайыптылардың мүлктік құқықтарын
қамтамасыз етуге кепілдіктер жүйесіндегі
алименттік міндеттемелердің мәні 90

Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс

А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Қылмыстық
іс бойынша дәлелдемелердің қайнар көзі ретінде
заңгердің ғылыми қорытындысының жіберілуі 101

Б.Ж. КЫЗДАРБЕКОВА, А.К. ОРАЗБЕКОВА Адам саудасына қарсы іс-қимылды қылмыстық-құқықтық қамтамасыз ету мәселесіне	110
Г.Ж. ОСМАНОВА, А.Р. БИЖАНОВА Бір қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан гөрі неғұрлым жеңіл жаза тағайындау және оның ҚР ҚК-гі жазаны жеңілдету жүйесіндегі орны	119
А.С. АХМЕТОВ, В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Құқықтық мәдениеттің мазмұнының қазіргі мәселелері.....	130
Д.Д. ЖАМПЕИСОВ, Д.Д. ЖАМПЕИСОВ Халықтың көші-қоны саласындағы құқық шығармашылық пен құқық қолдануды жетілдірудің өзекті мәселелері	138
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	
А.А. НУКУШЕВА, Б.Ж. АЙТИМОВ Қазақстандағы және шет елдердегі тұрмыстық қалдықтарды басқарудың құқықтық аспектілері: салыстырмалы-құқықтық талдау.....	148
С.Т. ТЛЕУБЕКОВ, С.Ж. АЙДАРБАЕВ, Г. ПАЛАО МОРЕНО (Валенсия, Испания) ДСҰ шеңберіндегі дауларында Қазақстанның үшінші тарап ретінде қатысуы.....	160
А.А. НУКУШЕВА Атом энергетикасы саласындағы реттеудің халықаралық-құқықтық аспектілері.....	171
Құқықтық мониторинг	
А.Г. ҚАЗБАЕВА, К.Е. ИСМАҒҰЛОВ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың тиімділігін талдау	181
О.Б. ФИЛИПЕЦ Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының құқықтық табиғаты туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының мониторингі.....	189
М.И. ДЯЧУК Қазақстан Республикасындағы реттеуші құмсалғыш: оны жетілдіру жолдары	196
Мемлекеттік тілдегі заңшығармашылық практикасынан	
А.К. МАХАМБЕТОВА Терминологияны біріздендіру қағидатының рөлі.....	205
Жас ғалым мінбері	
А.Е. АСАНОВ Қазақстан Республикасындағы жеке сот орындаушылар институтының тиімділігін қамтамасыз ету	214
К.Ю. ПРОСКУРИНА Ақша функцияларын орнатудың құқықтық нысандары: құн өлшемі, айналыс құралы, әлемдік ақшаның қызметі	225
М.К. ЖУРУНОВА ЕАЭО-дағы еңбек бостандығы қағидатын ұстанудың конституциялық кепілдігін құқыққолдану тәжірибесінде қолданудың кейбір мәселелері	235
ВАН ХЭЙОНГ Халықаралық қылмыстық соты әділетінен тыс: АСЖ&НР құру жолы.....	245
В.Б. ТАПАКОВА Адам құқықтарының ғылыми тұжырымдасын қалыптастыру мәселелері: тарихи-құқықтық аспектілері	254
«Жаршының» архивтегі беттері	
Құқық қорғау органдарының қызметі туралы заңнаманы жетілдіру жөніндегі заң жобалау жұмысын ғылыми қамтамасыз ету: Н.А. Сартаеваның ғылыми жарияланымдарына қайта оралғанда	263



ВЕСТНИК

Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан

научно-правовой журнал №3 (70)-2022

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт законодательства
и правовой информации
Республики Казахстан»
Издаётся с 2006 года
Все материалы журнала размещаются на
сайте www.zqai.kz
Включен в перечень изданий для публикации
основных научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ КОКСОН МОН РК №38
от 14.02.2022 г.)

Состав Редакционного совета
Сарпеков Р.К. – к.ю.н., Заслуженный
деятель Казахстана (Астана, Казахстан) –
(председатель)
Абайдельдинов Е.М. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Абызов Р.М. – д.ю.н. (Барнаул, Россия)
Белых В.С. – д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)
Губин Е.П. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Мельник Р.С. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Моисеев А.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Муромцев Г.И. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Рахметов С.М. – д.ю.н. (Астана, Казахстан)
Малиновский В.А. – д.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Унзила Шапак – д.ю.н. (Астана, Казахстан)

Главный редактор
Дюсенов Е.А. – к.ю.н.

Состав Редакционной коллегии
Азер Алиев – PhD (Киль, Германия)
Байниязова З.С. – к.ю.н. (Саратов, Россия)
Джангарашев Р.М. – LLM (Астана,
Казахстан)
Исмагулов К.Е. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Ишсков К.А. – д.ю.н. (Москва, Россия)
Казбаева А.Г. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Каирбаева Л.К. – PhD (Астана,
Казахстан)
Киязова А.Ж. – LLM (Астана, Казахстан)
Кулжабаева Ж.О. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Нургазинов Б.К. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Нурмагамбетов Р.Г. – PhD (Челябинск,
Россия)
Примашев Н.М. – к.ю.н. (Астана,
Казахстан)
Рахимбердин К.Х. – д.ю.н. (Усть-Каменогорск,
Казахстан)
Тегизбекова Ж.Ч. – к.ю.н. (Бишкек,
Кыргызстан)
Финк Д.А. – к.ю.н. (Астана, Казахстан)

Редактор – Колтубаева Г.Б.
Верстка – Тасирова А.С.
Тел.: 8 (7172) 26-61-29

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 17761-Ж
от 25.06.2019 г. Комитета информации
Министерства информации и коммуникаций
Республики Казахстан (Первичная постановка
на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)

Адрес: Республика Казахстан, 010000,
г. Астана, пр. Кабанбай батыра, 19,
блок С, каб. 306, тел. 8 (7172) 26-61-22
www.zqai.kz, E-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Колонка редакции 9

Конституционное и административное право

Р.К. САРПЕКОВ Проведение научной
лингвистической экспертизы как важнейший
этап нормотворческого процесса 13

Б.К. НУРГАЗИНОВ, А.Н. ОСПАНОВА
Предложения по повышению правовой
культуры казахстанского общества 20

А.А. АМАНГЕЛЬДЫ Правовой анализ
применения некоторых аспектов
Административного процедурно-процессуального
кодекса в Республике Казахстан 27

С.С. КАРЖАУБАЕВ О совершенствовании
института Уполномоченного по правам человека
в Казахстане 39

З.З. НУРЫШ, Е.И. ИСИБАЕВА Политическая
ориентация лоббизма в механизме правотворчества 47

Гражданское и гражданско-процессуальное право

А.Ж. КИЯЗОВА Нормативное обеспечение
функционирования института саморегулирования
в Республике Казахстан 58

Д.Б. РАЗИЕВА, Н.Е. ЕСЕНЖОЛОВ Теоретико-
правовые аспекты эффективности реализации
дисциплинарных взысканий в трудовом праве 69

**Ш.У. БУРАШОВ, И.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА,
М.Т. БЕЙСЕНБАЕВА** Гражданско-правовое
регулирование прав потребителей образовательных
услуг в сфере высшего профессионального
образования 80

Ф.Г. ИБРАГИМОВА, Д.Б. АЛШЫМБЕК
Значение алиментных обязательств в системе
гарантий обеспечения имущественных прав
супругов и бывших супругов по законодательству
Республики Казахстан 90

Уголовное право и уголовный процесс

А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН Допустимость
научного заключения юриста как источника
доказательств по уголовному делу 101

Б.Ж. КЫЗДАРБЕКОВА, А.К. ОРАЗБЕКОВА К вопросу уголовно-правового обеспечения противодействия торговле людьми	110
Г.Ж. ОСМАНОВА, А.Р. БИЖАНОВА Назначение более мягкого наказания, чем предусмотрено за данное уголовное правонарушение и его место в системе смягчения наказаний по УК РК.....	119
А.С. АХМЕТОВ, В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Актуальные вопросы содержания правовой культуры.....	130
Д.Д. ЖАМПЕИСОВ, Д.Д. ЖАМПЕИСОВ Актуальные вопросы совершенствования правотворчества и правоприменения в сфере миграции населения.....	138
Международное право и сравнительное правоведение	
А.А. НУКУШЕВА, Б.Ж. АЙТИМОВ Правовые аспекты управления бытовыми отходами в Казахстане и зарубежных странах: сравнительно-правовой анализ.....	148
С.Т. ТЛЕУБЕКОВ, С.Ж. АЙДАРБАЕВ, Г. ПАЛАО МОРЕНО (Валенсия, Испания) Участие Казахстана в спорах в рамках ВТО в качестве третьей стороны.....	160
А.А. НУКУШЕВА Международно-правовые аспекты регулирования в области атомной энергетики	171
Правовой мониторинг	
А.Г. КАЗБАЕВА, К.Е. ИСМАГУЛОВ Анализ законодательства о противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма	181
О.Б. ФИЛИПЕЦ Мониторинг законодательства Республики Казахстан о правовой природе принудительных мер воспитательного воздействия.....	189
М.И. ДЯЧУК Регуляторная песочница в Республике Казахстан: пути совершенствования	196
Из практики законотворчества на государственном языке	
А.К. МАХАМБЕТОВА Роль принципа унификации терминологии.....	205
Трибуна молодого ученого	
А.Е. АСАНОВ Обеспечение эффективности института частных судебных исполнителей в Республике Казахстан	214
К.Ю. ПРОСКУРИНА Правовые формы установления денежных функций: мера стоимости, средство обращения, функция мировых денег.....	225
М.К. ЖУРУНОВА Некоторые вопросы применения в правоприменительной практике конституционной гарантии соблюдения принципа свободы труда в ЕАЭС.....	235
ВАН ХЭЙОНГ За пределами правосудия Международного уголовного суда: путь к созданию ACJ&HR.....	245
В.Б. ТАПАКОВА Проблемы формирования научной концепции прав человека: историко-правовые аспекты.....	254
Архивные страницы «Вестника»	
Научное обеспечение законопроектной работы по совершенствованию законодательства о деятельности правоохранительных органов: возвращаясь к научным публикациям Сартаевой Н.А.....	263



Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan

JARSHYSY

scientific and legal journal №3 (70)-2022

Founder and publisher:
RSE on the REM «Institute of Legislation and Legal information of the Republic of Kazakhstan»
Published since 2006
All journal materials are placed on the website
www.zqai.kz
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №38 from 14.02.2022)

Editorial Council members

Sarpekov R.K. – c.j.s., Honored Worker of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan) – (Chairman)
Abayeldinov E.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Abyzov R.M. – d.j.s. (Barnaul, Russian)
Belih V.S. – d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)
Gubin E.P. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Melnik R.S. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Moiseev A.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Muromcev G.I. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Rahmetov S.M. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Malinovskiy V.A. – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Unzila Shapak – d.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Chief Editor

Dyussenov Ye.A. – c.j.s.

Editorial Board members

Azer Aliyev – PhD (Kiel, Germany)
Bainiyazova Z.S. – c.j.s. (Saratov, Russian)
Dzhangarashev R.M. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Ismagulov K.Y. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Ishekov K.A. – d.j.s. (Moscow, Russian)
Kazbayeva A.G. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Kairbaeva L.K. – PhD (Astana, Kazakhstan)
Kiyazova A.Zh. – LLM (Astana, Kazakhstan)
Kulzhabayeva Zh.O. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Nurgazinov B. K. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Nurmagametov R.G. – PhD (Chelyabinsk, Russian)
Primashev N.M. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)
Rakhimberdin K.H. – d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)
Tegizbekova Zh.Ch. – c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)
Fink D.A. – c.j.s. (Astana, Kazakhstan)

Editor – **Koltubaeva G.B.**

Layout – **Tasirova A.S.**

Tel.: 8 (7172) 26-61-29

The certificate of registration of mass media
№17761-G from 25.06.2019 from
the Information Committee of the Ministry
of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan
(Number and date of primary registration
№6592-Zh.07.09.2005.)

Address: The Republic of Kazakhstan, 010000,
Astana, Kabanbay-batyr ave., 19,
block C, office 306, тел.: 8(7172) 26-61-22
www.zqai.kz, e-mail: instzak-kz@mail.ru
institutzakonodatelstva@gmail.com

Editorial 11

Constitutional and Administrative Law

R.K. SARPEKOV Conducting scientific linguistic expertise as the most important stage of the rule-making process 13

B.K. NURGAZINOV, A.N. OSPANOVA Proposals for improving the legal culture of kazakhstan society 20

A.A. AMANGELDY Legal analysis of the application of some aspects of the Administrative procedural code in the Republic of Kazakhstan 27

S.S. KARZHAUBAYEV On improving the institution of the Commissioner for human rights in Kazakhstan 39

Z.Z. NURYSH, E.I. ISIBAYEVA Political orientation of lobbying in the mechanism of law-making 47

Civil and Civil Procedure Law

A.ZH. KIYAZOVA Regulatory support of the functioning of the institute of self-regulation in the Republic of Kazakhstan 58

D.B. RAZIYEVA, N.Y. YESENZHOLOV Theoretical and legal aspects of the effectiveness of the implementation of disciplinary penalties in labor law 69

SH.U. BURASHOV, I.ZH. AZRETBERGENOVA, M.T. BEISENBAYEVA Civil law regulation of consumer rights educational services in the field of higher professional education 80

F.G. IBRAGIMOVA, D.B. ALSHYMBEK The importance of alimony obligations in the system of guarantees for the property rights of spouses and former spouses under the legislation of the Republic of Kazakhstan 90

Criminal law and Criminal procedure

A.N. AKHPANOV, A.L. KHAN Admissibility of a lawyer's scientific opinion as a source of evidence on criminal case 101

B.ZH. KYZDARBEOVA, A.K. ORAZBEOVA To the question of criminal legal support of counteraction to human traffickin 110

G.ZH. OSMANOVA, A.R. BIZHANOVA The imposition of a more lenient punishment than that provided for this criminal offense and its role in the leniency system under the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan.....	119
A.S. AKHMETOV, V.N. ZHAMULDINOV Topical issues of the content of legal culture	130
D.A. ZHAMPEISOV, D.A. ZHAMPEISOV Current issues of improvement of legislation and law enforcement in the sphere of population migration.....	138
International law and Comparative law	
A.A. NUKUSHEVA, B.Zh. AITIMOV Legal aspects of household waste management in Kazakhstan and foreign countries: comparative legal analysis.....	148
S. TLEUBEKOV, S. AIDARBAYEV, G. PALAO MORENO (Valencia, Spain) Participation of Kazakhstan in disputes in the framework of WTO as a third party	160
A.A. NUKUSHEVA International legal aspects of regulation in the sphere of nuclear power industry	171
Legal monitoring	
A.G. KAZBAYEVA, K.E. ISMAGULOV Analysis of the efficiency of legislation on countering the legalization (money-laundering) of proceeds from crime and the financing of terrorism	181
O.B. FILIPETS Monitoring of the legislation of the Republic of Kazakhstan on the legal nature of compulsory educational measures	189
M.I. DYACHUK Regulatory sandbox in the Republic of Kazakhstan: ways to improve it.....	196
From the lawmaking practice in the official language	
A.K. MAKHAMBETOVA The role of the principle of terminology unification	205
Young researchers' tribune	
A. ASSANOV Ensuring the efficiency of the institute of private bailiffs in the Republic of Kazakhstan	214
K.Y. PROSKURINA The legal forms of establishing monetary functions: measure of value, medium of circulation, function of world money.....	225
M.K. ZHURUNOVA Some issues of application in law enforcement practice of the constitutional guarantee of compliance with the principle of freedom of labor in the EAEU.....	235
WANG HEYONG Beyond the ICC'S justice: the road to construction of ACJ&HR.....	245
V.B. TAPAKOVA Problems of formation of the scientific concept human rights: historical and legal aspects	254
The archive pages of the «Bulletin»	
Scientific support of legislative work to improve legislation on the activities of law enforcement agencies: going back to the scientific publications of N.A. Sartayeva	263

УДК 81.142:343.148

ҒЫЛЫМИ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ НОРМАШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ ЕСЕБІНДЕ

Сәрпеков Рамазан Құмарбекұлы

Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заң ғылымдарының кандидаты;
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: instzak-kz@mail.ru

Аннотация. Қазақ тілінде норма шығару Қазақстан Республикасындағы нормашығармашылық процестің өзекті мәселесі болып отыр. Қазақстан Республикасындағы қостілділік жағдайында тек орыс тіліндегі нормашығармашылық практикасының басым болуы түрлі объективтік себептерге байланысты екені баршаға аян. Дейтұрғанмен бұл салада да мемлекеттік тілде норма шығару тәжірибесі баршылық. Сондықтан оның ауқымы мен сапасын арттыру бүткіл мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалармен қатар, қоғам алдында да тұрған келелі мәселе.

Мемлекеттік органдардың түрлі норма шығару тәжірибесінде қарапайым және қайталанбалы, тұрпатты, жеңіл және жай лексикалы, құқықтық салдары аз құрамдағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер шығару үдерісі негізінен тек ведомстволық ауқымды қамтиды. Сондықтан оның құқықтың және өзге де салдары көпшілік мүддесін қозғамауы мүмкін. Ал кодекс, конституциялық заң, шоғырландырылған заң және қарапайым заң сияқты құқықтық актілер мемлекет пен қоғамның мүддесін қамтитын болғандықтан құқықтық жағынан да, тілдік жағынан да мінсіз болуы шарт. Мұндай шарт қолданыстағы заңнамада айқындалған. Сондықтан заңнамалық актілердің құқықтық және тілдік сапасын қамтамасыз етуде, атап айтқанда олардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етуде ғылыми лингвистикалық сараптама ерекше орын алады. Мақаланың объектісі ретінде ғылыми лингвистикалық сараптаманың жай-күйі мен оның перспективасының кейбір аспектілері қарастырылады.

Түйін сөздер: нормашығармашылық процесс, ғылыми сараптама, ғылыми лингвистикалық сараптама, құқықтық-ұйымдастырушылық негіздер, уәкілетті ұйым, заңнамалық талаптар мен қалыптасқан практика.

ПРОВЕДЕНИЕ НАУЧНОЙ ЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ КАК ВАЖНЕЙШИЙ ЭТАП НОРМОТВОРЧЕСКОГО ПРОЦЕССА

Сарпеков Рамазан Кумарбекович

Директор Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан, Заслуженный деятель Казахстана, кандидат юридических наук;
г. Нур-Султан, Республика Казахстан; e-mail: instzak-kz@mail.ru

Аннотация. Нормотворчество на казахском языке является актуальной проблемой данного процесса в Республике Казахстан. Общеизвестно, что преобладание нормотворческой практики на русском языке в условиях двуязычия в Республике Казахстан обусловлено различными объективными причинами. Тем не менее, и в этой сфере имеется опыт нормотворчества на государственном языке. Поэтому повышение его объема и качества является большой проблемой, стоящей как перед государственными органами и должностными лицами, так и перед обществом.

В разнообразной нормотворческой практике государственных органов процесс издания подзаконных нормативных правовых актов с простым и дублирующим, типовым и простым лексическим составом, с меньшими правовыми последствиями носит в основном только ведомственный характер. Поэтому его правовые и иные последствия могут не затрагивать интересы большинства. А правовые акты, такие как кодекс, конституционный закон, консолидированный закон и обычный закон, должны быть безупречными как в правовом, так и в языковом отношении, поскольку они затрагивают интересы государства и общества в целом. Такие требования установлены в действующем законодательстве. Поэтому особое место в обеспечении правового и языкового качества законодательных актов, в частности в обеспечении аутентичности их текстов на казахском и русском языках, занимает научная лингвистическая экспертиза. В качестве объекта статьи рассматриваются некоторые аспекты состояния и перспективы научной лингвистической экспертизы.

Ключевые слова. нормотворческий процесс, научная экспертиза, научная лингвистическая экспертиза, организационно-правовые основы, уполномоченная организация, законодательные требования и сложившаяся практика.

CONDUCTING SCIENTIFIC LINGUISTIC EXPERTISE AS THE MOST IMPORTANT STAGE OF THE RULE-MAKING PROCESS

Sarpekov Ramazan Kumarbekovich

Director of the Institute of Legislation and Legal Information
of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of Kazakhstan,
Candidate of Legal Sciences;
Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan; e-mail: instzak-kz@mail.ru

Abstract. Rulemaking in the Kazakh language is an urgent problem of this process in the Republic of Kazakhstan. It is well known that the predominance of standard-setting practice in Russian in the conditions of bilingualism in the Republic of Kazakhstan is due to various objective reasons. Nevertheless, there is also experience in this area of rulemaking in the state language. Therefore, increasing its volume and quality is a big problem facing both state bodies and officials, as well as society.

In the diverse rule-making practice of state bodies, the process of issuing subordinate regulatory legal acts with simple and duplicative, standard and simple lexical composition, with fewer legal consequences, is mainly only departmental in nature. Therefore, its legal and other consequences may not affect the interests of the majority. And legal acts, such as the Code, the constitutional law, the consolidated law and the ordinary law, must be impeccable both in legal and linguistic relations, since they affect the interests of the state and society as a whole. Such requirements are established in the current legislation. Therefore, a special place in ensuring the legal and linguistic quality of legislative acts, in particular in ensuring the authenticity of their texts in Kazakh and Russian, is occupied by scientific linguistic expertise. Some aspects of the state and prospects of scientific linguistic expertise are considered as the object of the article.

Keywords. normative process, scientific expertise, scientific linguistic expertise, organizational and legal framework, authorized organization, legislative requirements and established practice.

Кіріспе

Нормашығармашылық қызмет мемлекеттің негізгі функцияларының бірі болып табылады. Сонымен қатар бұл қызмет мемлекеттік басқарудың күрделі рәсімі болып саналатын, бүкіл мемлекеттік аппарат пен жекелеген құрылымдарды, тіпті азаматтардың қатысуын көздейтін заң шығару қызметін де қамтиды.

Заңның мемлекеттің қызметін тиімді атқаруы және ең бастысы халыққа түсінікті болуы және сапалы әзірлеу үшін ол жан-жақты құқықтық, ғылыми, ұйымдастырушылық, әдістемелік, үйлестірушілік, қаржылық және т.с.с. қажеттіліктермен қамтамасыз етіледі. Солардың қатарында заң шығару процесінің маңызды элементі – заңнамалық актілер мен халықаралық шарттар жобалары бойынша жүргізілетін ғылыми сараптамалар институты (бұдан әрі – ҒЛС). Қолданыстағы заңнамаға сәйкес нормашығармашылық қызметте ғылыми (құқықтық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, лингвистикалық, экономикалық және басқа да) сараптамалар жүргізіледі.

Әдістер мен материалдар

Мақала объектісінің – заңнамалық актілер мен халықаралық шарттар жобаларына жүргізілетін ҒЛС-тың қазіргі жағдайын зерттеуде салыстыру, салалық жүйелік, сапалық және сандық талдау әдістері қолданылды. Оның материалдарының негізін уәкілетті ұйымның практикасында қарастырылған, яғни ҒЛС-қа түскен жобалар мысалдары құрады. Мақала қолданбалы сипатта болғандықтан қазақ тілі мен нормашығармашылықтың ғылыми-теориялық аспектілері қарастырылмады.

Негізгі бөлім

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасы Конституциясының «мемлекеттік тіл – қазақ тілі

және мемлекеттік ұйымдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде тең қолданылады» деген нормасына сәйкес заң шығару екі тілде жүргізіледі. Осыған орай мемлекеттің заң шығару қызметке қоятын басты талабы – заңның екі тілдегі мәтінінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз ету. Сондықтан «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына¹ сай ҒЛС заңнамалық актілер жобаларының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде жүргізіледі. Оған қоса ҒЛС-қа қатысты тиісті талаптар-нормалар «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында², Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидаларында³, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386 қаулысымен бекітілген Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар)⁴, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы №55 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті (бұдан әрі – Регламент)⁵, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 703 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларында және т.с.с. нормативтік құқықтық актілерде регламенттелген, яғни мемлекет осы теңтүпнұсқалықты барынша қамтамасыз етудің дәйекті тетігін құрған.

Заңнамалық актілердің жобалары бойын-

¹ «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000480> (жүгіну күні: 12 шілде 2022).

² «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы // «Әділет» АҚЖ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000054> (жүгіну күні: 12 шілде 2022).

³ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару жұмысының қағидалары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен бекітілген // «Әділет» АҚЖ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1600000907> (жүгіну күні: 12 шілде 2022).

⁴ Ғылыми сараптаманы ұйымдастыру мен жүргізу, сондай-ақ ғылыми құқықтық сарапшыларды іріктеу қағидалары. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386 қаулысымен бекітілген // «Әділет» АҚЖ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000386> (жүгіну күні: 12 шілде 2022).

⁵ Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысымен бекітілген // «Әділет» АҚЖ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000355> (жүгіну күні: 12 шілде 2022).

ша Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізіліп, ғылыми сараптама жүргізбеуге болатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша олар реттейтін қоғамдық қатынастарға қарай ғылыми сараптама жүргізілуі міндетті. Оған қоса халықаралық шарттарға да ҒЛС жүргізу тиісті дәрежеде регламенттелген.

ҒЛС институты нормашығармашылық процеске 2010 жылы енгізілді. Олардың саны жыл сайын орта есеппен 200-250 ҒЛС-қа жетіп отыратын. 2010-2019 жылдары Институттың «мемлекеттік мекеме» ұйымдық-құқықтық нысанында болуына байланысты кез келген жобаның ҒЛС жүргізу барысында анықталған тілдік кемшіліктері әзірлеуші мемлекеттік органдармен жұмыс тәртібінде жойылып, Қазақстан Республикасының Үкіметіне пысықталған соңғы нұсқасы енгізілетін. Жоғарыда көрсетілген 2019 жылғы 28 наурыздағы №149 қаулыға сәйкес Институттың ұйымдық-құқықтық нысаны «шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын» болып өзгертілді. Осыған орай ҒЛС жүргізу тәртібі де өзгертілді, атап айтқанда талап күшейтілді және оның нәтижелерін бағалау тетігі енгізілді. Осыған орай жаңа заңнамаға сай ресімделетін ҒЛС қорытындысында көрсетілген кемшіліктерді жою мен ұсынымдарды ескеру не ескермеу заң және халықаралық шарт жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдардың құзырында, өйткені оның қорытындысы ұсынымдық сипатқа ие.

Институт соңғы жылдары заң және халықаралық шарт жобалары бойынша жыл сайын 170-180 ҒЛС жүргізіп келеді. Оның басты мақсаты – жобалардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалығын тексеру. Сондықтан ҒЛС барысында олардың кемшіліктері, теңтүпнұсқалық тұстарымен қатар өзге де тілдік қателері айқындалып жатады (практикада кейде тілдік кемшіліктер арқылы анықталатын құқықтық кемшіліктер де кездесіп қалады).

ҒЛС қорытындыларын талдау заң және халықаралық шарттар жобаларының қазақ тіліндегі мәтіндерінің сапасы бұрынғысынан төмен екенін көрсетеді. Атап айтқанда, ҒЛС барысында: 2020 жылы 28530 қате, 2021 жылы 38634 қате және 2022 бірінші жартыжылдығында 15 000-ға жуық қате анықталды. Көрсетілген қателер санына лексикалық, грамматикалық, стилистика-

лық, орфографиялық, пунктуациялық және техникалық сипаттағылармен қатар заң техникасы бойынша жіберілген қателер де кіреді. Заң тілінің ресми стильге жатуына және оның саяси-әлеуметтік сипатымен қатар саяси-құқықтық маңызы мен салдарына орай, заң және халықаралық шарттар жобалары қазақ және орыс тілдері тұрғысынан мінсіз болуы мемлекет пен қоғам қоятын басты шарт. Бірақ әлі күнге дейін осы талап қажетті деңгейде орындалмай келеді.

ҒЛС-та жоба мәтіні қазақ тілі грамматикасы тұрғысынан тыңғылықты қаралатыны оның басты белгілерінің бірі болып есептеледі. Сондықтан қателер санының көп болуы әрі тілдік көрсеткіш, әрі сарапшылардың әлеуетін көрсетеді.

Мәселен, көрсетілген кезеңде қателердің ең көп саны мынадай заңнамалық актілер жобаларында анықталды:

3142 қате («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы, әзірлеуші мемлекеттік орган – ҚР Ұлттық экономика министрлігі. Осы заңға қайталама ҒЛС жүргізу кезінде 2842 анықталды);

1865 қате («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды және ақпараттық қауіпсіздікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы, әзірлеуші мемлекеттік орган – ҚР Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі);

1447 қате («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы, әзірлеуші мемлекеттік орган – ҚР Парламентінің Сенаты) және т.б.

Халықаралық шарттарда анықталған қателердің ең көп саны:

2516 (Бір жағынан Қазақстан Республикасы және екінші жағынан Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі арасындағы стратегиялық әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім жобасы, әзірлеуші мемлекеттік орган – ҚР Сыртқы істер министрлігі);

731 (Компьютерлік қылмыстар туралы конвенция, әзірлеуші мемлекеттік орган – ҚР Ішкі істер министрлігі);

586 (Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ арасындағы Біріккен Ұлттар Ұйы-

мының Ауғанстандағы уақытша қашықтағы офисінің Қазақстандағы мәртебесі туралы келісімнің жобасы, әзірлеуші мемлекеттік орган – ҚР Сыртқы істер министрлігі). Негізінен халықаралық шарт жобалары аз көлемді болып келеді, соған қарамастан жіберілген және мысал ретінде келтірілген қателер саны олардың сапасының төмендігін көрсетеді.

Заң және халықаралық шарт жобаларына ҒЛС Институттың ішкі рәсімдеу процесіне сай жүргізіледі. Мәселен, қолданыстағы заңнамаға сай ресімделіп, Институтқа электронды түрде БҚА жүйесі және қағаздағы нұсқалары Лингвистика орталығына келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген заңнамалық талаптарға қарамастан, практикада ҒЛС-ты ұйымдастыруда бірқатар кемшіліктер орын алып отыр.

ҒЛС-тың ұйымдастыру мәселелері жобаны Институтқа жолдаудан басталады. Қолданыстағы заңнама талаптары бойынша ресімделген жобаны жолдау бойынша ілеспе хат үлгісі әзірлеуші мемлекеттік органдардың барлығына жолданған. Осыған орай, Қағидалар және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 28 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы норма шығармашылығы қызметінің кейбір мәселелері туралы» № 149 қаулысы бойынша Институт уәкілетті ұйым болып табылатындықтан жоба Институтқа тікелей жолдануға тиіс.

ҒЛС бойынша шешуді қажет ететін мәселе – жобаларды бір мезгілде түрлі ғылыми сараптамаларға жолдау. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес заң және халықаралық шарт жобаларына түрлі ғылыми сараптамалар жүргізіледі. Мәселен, заң жобасын қазақ тілі тұрғысынан талдау оның қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығы бөлігінде жүргізілетін ҒЛС-та ғана жасалады (кейбір жобалар бойынша қазақ тіліндегі мәтінді талдауда міндетті түрде қаралатын орыс тіліндегі мәтіннің де сапалық мәселелері айқындалып жатады). Осы тұрғыдан келгенде, ҒЛС-ты басқа ғылыми сараптамалармен бір мезгілде жүргізу қиынсыз болады. Басқа сараптамаларда, мәселен, ғылыми құқықтық сараптаманың қорытындыларында жоба мәтінінде анықталған құқықтық кемшіліктерді түзету, өзгерту, толықтыру, жаңадан редакциялау және т.с.с. пысықтау рәсімдері бойынша ұсыныстар беріліп жатады (практикада жобалардың құқықтық сапасы бойынша қағидатты ескертулер мен ұсынымдар беру де орын

алып отырады). Сондықтан жобаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп пысықталып жатса, сол мезгілде оған жүргізілген ҒЛС-тың қорытындысы өзінің маңызын да, өзектілігін де жоғалтады.

Кейбір әзірлеуші мемлекеттік органдар жоба құжаттарын электронды түрде ілеспе хатпен қоса бірден Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдап жатады. Бұл да – қате практика. Олардың жоғарыда көрсетілген Қағидалардың 5-тармағына сілтеме жасауы да орынсыз, өйткені көрсетілген тармақ бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ғылыми сараптама жүргізуді ұйымдастыру жүктелген. Ал Институт – оны жүргізуші, яғни заңнамалық актілер жобаларына, Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға, сондай-ақ халықаралық шарт жобаларына ҒЛС-ты қамтамасыз ететін уәкілетті ұйым. Сондықтан құжаттарды Әділет министрлігіне жіберу қосымша ұйымдастырушылық және уақыттық ресурстарды қажет етеді, өйткені аталған министрлік жобаларды қосымша ресімдеп Институтқа қайта жолдайды.

Оған қоса Институтқа жіберілетін жобаның ілеспе хатын ресімдеуде де мәселе бар. Бұл мәселе негізінен құрамында комитет не қызмет сияқты ведомстволық құрылымдары бар министрліктерге қатысты. Мұндай құрылымдар ҒЛС бойынша құқықтық қатынастардың субъектісі, яғни «мемлекеттік орган» болып табылмайды, өйткені олар мемлекеттік органның ведомствосы болып қана табылады. Сондықтан ондай құрылымдар министрлікпен бірге не бөлек орналасуына қарамастан (мәселен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті) тек министрліктің ресми бланкілерінде және оның құжат айналымы тәртібінде ресімдеуі қажет.

Заң жобалары Институтқа Қағидалардың 77-тармағына сәйкес жіберіледі. Практикада аталған тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген келісу парағының көшірмесінсіз ҒЛС-қа жолдау да жиі орын алып тұрады. Бұл жерде әзірлеуші мемлекеттік органдарға қойылатын бір-ақ ескерту бар. Ол – келісу парағының көшірмесі болмаса, ҒЛС-ты жүргізудің мүмкін еместігі. Сондықтан әкімшілік-биліктік ресурстарды қосуға тырысу, яғни заңсыз әрекеттерге бару орынсыз. Билік тарапынан жеделдеттіріліп жататын мұндай практикадан жалпы ҒЛС-тың ұтылатыны, ал соңында жобалардың

қазақ тіліндегі мәтіндері сапасының нашарлайтыны белгілі аксиома.

Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға және халықаралық шарттар жобалары бойынша ҒЛС жүргізу де Қағидаларға сай болуы қажет. Практикада әзірлеуші мемлекеттік органдар үшін басқа мәселелермен қатар қағидалардың 78-тармағын орындау да күрделі екені белгілі болып отыр. Көрсетілген тармақтың 2) тармақшасына сәйкес ҒЛС-қа қазақ және орыс тілдеріндегі халықаралық шарттың немесе халықаралық шарт жобасының әрбір бетін дәйектеу (парафирование), яғни әзірлеуші органның басшысы не оны алмастыратын адам қол қоюы қажет. Басшылықтың қызметтік жүктемесіне орай орындаушылар уақытында олардың қолын ала алмай, ілеспе хатты басшының қолымен, ал жобаның құжаттарын басқа адамның қолымен ресімдеп әкелу фактісі практикада жиі кездеседі. Қисын және заңнама талаптары бойынша ілеспе хатқа қол қою мен дәйектеуді бір ғана адам – құзыретті лауазымды тұлға жүргізуі тиіс. Сондықтан практикада орын алып тұратын құжаттарға комитет не департамент басшылығы өкілдерінің қол қоюын не дәйектеуін тоқтату қажет.

Осы мақалада міндетті түрде көрсетілуі тиіс тағы бір күрделі мәселе – соңғы кезде көбейіп отырған жайт – Институт берген ҒЛС қорытындыларының түпнұсқаларын жоғалту бойынша мемлекеттік органдардың сұрау салуының күрт өсуі. Практикада Институттың 2019 жылғы маусым айына, яғни оның ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруіне дейін жүргізілген ҒЛС қорытындыларының түпнұсқаларын сұрату да бар. Ұйымның «Мемлекеттік мекеме» деген құқықтық мәртебесінің өзгеруі салдарын мемлекеттік органдар білуі тиіс, бірақ оған қарамастан құжат сұрату, тіпті ҒЛС бойынша қорытындылардың Институттың өз қажеттілігі мен есептілігі үшін міндетті түрде сақталатын түпнұсқа құжаттарын сұрату да көбейе түсуде.

Практикада кездесетін тағы бір үлкен мәселенің – әзірлеуші мемлекеттік органдардың жауапты орындаушыларының қолданыстағы заңнама талаптарын, бірінші кезекте Қағидаларды білмеуі де заң және халықаралық шарт жобаларының қазақ тіліндегі мәтіндеріне кері әсерін тигізіп келеді.

Келесі өзекті мәселе – ҒЛС-тың рәсімдік мәселесі. Атап айтқанда, қайталама ҒЛС жүргізудің ұйымдастырушылық негіздерін айқындау. Мәселен, қазіргі уақытта жоба Премьер-Министр Кеңсесінің және Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде пысықталғаннан кейін қайталама ҒЛС жүргізіледі.

Шын мәнісінде аталған билік құрылымдарындағы пысықтау жұмыстары – тексеру, ескертулер жасау, ұсыныстар беру сипатында болады. Ал, нағыз пысықтау – жоба бойынша Премьер-Министр Кеңсесінің және Президент Әкімшілігінің ескертулерін жою, жобаны қайта құрылымдау, толықтыру, түзету, редакциялау және т.с.с. жұмыстар әзірлеуші мемлекеттік органдарда жүргізіледі.

Осыған ұқсас мәселелер ҒЛС-тың басқа аспектілері бойынша да орын алып келеді. Мұндай практиканы шектеудің бірден бір жолы – қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтау мен жоба бойынша ақылға қонымды іс-әрекеттер жасау.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Регламентінің⁶ 84-тармағына сәйкес қайталама ҒЛС заң жобалары Премьер-Министр Кеңсесінің және Президент Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшелерінде пысықталғаннан кейін жүргізіледі. Осы тармақтың 13) тармақшасында «ғылыми сараптаманың қорытындысымен келіспеген жағдайда, заң жобасын әзірлеуші тиісті қорытындымен келіспеу себептерінің сараптама ұйымына жіберілген жазбаша дәлелді негіздемелерін қоса беруге тиіс» деген мемлекеттік органның формальді құқығы бекітілген. Мұндай құқықты, мәселен, ҒЛС қорытындысы бойынша пайдалану не жүзеге асыру мүмкін емес. Заң жобаларының қазақ тіліндегі аударма мәтінінің сапасы төмен болғандықтан, әзірлеуші мемлекеттік органдардың ҒЛС жүргізген уәкілетті ұйымның ескертулерімен жай келісу не оларды елемей практикасы орын алып келеді. Сонымен қатар ҒЛС қорытындысымен келіспейтіндігінің негіздемесі бойынша анықталған қателер және олармен келісу/келіспеу туралы заң шығару процесіне қатысушылардың кейбіреулері, осы мемлекеттік органның аудармашыларынан немесе сырттан тартылған мамандардан басқасы, тіпті жобаның жауапты орындаушыларының өздері де білмейді. Мәселен, бүгінгі күні заңнамалық

⁶ Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламенті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы №355 қаулысымен бекітілген // «Әділет» АҚЖ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000355> (жүзіну күні: 12 шілде 2022).

актілердің жобаларына ҒЛС жүргізу барысында анықталған қателердің ең жоғары саны 3142-ні құрап отыр. Әр қатемен келіспеу себептерінің жазбаша ресімделген негіздемесін орындау қазақ тілінің грамматикасы тұрғысынан да, қолда бар ресурстар тұрғысынан да, әсіресе уақыт жағынан да өте қиын. Бұдан басқа, заң жобаларын әзірлеуші мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын ҒЛС жүргізу жөніндегі уәкілетті ұйымға жүгінуінің құқықтық тетіктері айқындалмаған. Кең көлемді қателер бойынша хат-хабар алмасу онсыз да ауқымды қағазбастылыққа алып келері сөзсіз.

Қорытынды

Мақалаға арқау болған ҒЛС институтының жай-күйін талдау оның заң шығару процесінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. 10 жылдан астам уақыт ішінде ҒЛС

өзінің институциялық қажеттілігін толық ақтап келеді. Заңнамалық актілер мен халықаралық шарттар жобаларына ҒЛС жүргізудің, олардың қазақ тіліндегі мәтіндерінің сапасын көтерумен қатар, оларды жетілдіруге қоса алатын әлеуеті мол. Бірақ қалыптасқан практика ҒЛС-қа теріс әсерін тигізуде. Жобалардың қазақ тіліндегі мәтіндері әлі де болса жіті қаралмай, яғни олар бойынша қазақ тілінің емшелеріне сай келетін аударма жүргізілмей отыр. Осының салдары ретінде жобаны әзірлеу мен оны ҒЛС-қа жіберу практикасында сапалық тәсілден гөрі сандық тәсіл басым болуы жалғасуда. Оған қоса, олар бойынша белгіленген мерзімдік межелер де қазақ тілімен мүдделес болмай тұр. Мұндай жағдайды әзірлеуші мемлекеттік органдардың қазақ тілі бойынша әлеуеттерін көтерумен бірге, олардың қолданыстағы заңнама талаптарын қатаң сақтауы арқылы да жақсартуға болады.

